БЖЗК ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ
ПЕНСИОННЫЙ ФОНД

«БЖЗҚ ВЕБ - САЙТЫ АРҚЫЛЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІН ТАҒАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ ӨТІНІШ БЕРУ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚЫЗМЕТІН АЛУШЫ - ПАЙДАЛАНУШЫҒА ЖАДЫНАМАСЫ

«БЖЗҚ веб-сайты арқылы зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру» электрондық қызметін мынадай жағдайларда пайдалануға болады:

міндетті зейнетақы жарналары (бұдан әрі – МЗЖ) және/немесе міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (бұдан әрі – МКЗЖ) есебінен - мерзімсіз белгіленген 1 немесе 2 топтағы мүгедектік болған жағдайда

ерікті зейнетақы жарналары (бұдан әрі-ЕЗЖ) есебінен:
- 50 жасқа толған адамдарға;
- мүгедектігі бар адамдарға;
- ЕЗЖ сомасы және оларға есептелген инвестициялық табыс шегінде зейнетақы жинақтары бар, БЖЗҚ-да кемінде бес жыл болған тұлғаларға

Зейнетақы төлемдерін тағайындау және/немесе зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына аудару туралы қолданыстағы өтініштің болмауы, ағымдағы жылы жүзеге асырылған зейнетақы төлемінің жылдық сомасының және (немесе) төлемді екінші деңгейдегі банктен (бұдан әрі - ЕДБ)/ «Қазпошта» АҚ-дан қайтарудың болмауы

ЕДБ/"Қазпошта" АҚ-да ҚР ұлттық валютасында ашылған қолданыстағы банк шотының болуы

Салымшыда (алушыда) электрондық цифрлық қолтаңбаның (бұдан әрі - ЭЦҚ) қолданыстағы кілтінің болуы

«Жеке тұлғалар» мемлекеттік деректер қорынан (бұдан әрі - ЖТ МДҚ) салымшыда (алушыда) жеке басын куәландыратын қолданыстағы құжаттың болуын растау

! *Алушының өмірлік мәртебесі, оның жеке басын куәландыратын құжаты, белгіленген мүгедектігі туралы мәліметтерді БЖЗҚ мемлекеттік органдардың тиісті ақпараттық жүйелерінен алады*

Қызмет салымшыға (алушыға) тәулік бойы қолжетімді (техникалық жұмыстарды жүргізуге байланысты БЖЗҚ веб - сайтының және (немесе) ЖТ МДҚ сервисінің жұмысындағы үзілістерді қоспағанда)

«Жеке кабинет» бөліміндегі бастапқы бет пайдаланушыға екі жолмен кіруге мүмкіндік береді:

- ЭЦҚ кілті арқылы
- логин (ЖСН) және пароль арқылы



ҚҰРМЕТТІ САЛЫМШЫ (АЛУШЫ)!

«Жеке кабинет» қызметін мынадай авторлану тәсілдерін қолданып пайдалана аласыз:

- ЭЦҚ (электрондық цифрлық қолтаңба) арқылы
- логин (ЖСН) және пароль арқылы.

Егер парольді ұмытып қалсаңыз, «Парольді ұмытып қалдыңыз ба?» қызметін пайдаланыңыз..

Егер «электрондық цифрлық қолтаңба немесе пайдаланушының логині мен паролін пайдаланып жеке кабинет арқылы» хабарлау тәсілін таңдамаған болсаңыз, Сіз оны «Жеке кабинетте» ЭЦҚ арқылы (ЭЦҚ-ны сілтеме бойынша онлайн түзімде алуға болады) не хабарлау тәсілін өзгерту (анықтау) туралы келісім ресімдеу үшін «БЖЗҚ» АҚ-ның кез келген қызмет көрсету кеңсесіне барып таңдай аласыз. «БЖЗҚ» АҚ қызмет көрсету кеңселерінің тізбесімен және олардың мекенжайларымен сілтеме бойынша танысуға болады.

Сонымен қатар Сіз хабарлау тәсілін өзгерту (анықтау) туралы келісімді «Қазпошта» АҚ бөлімшелерінде ресімдей аласыз. Аталған қызмет көрсетілетін «Қазпошта» АҚ бөлімшелерінің мекенжайлары бар елді мекендер тізбесімен сілтеме бойынша танысуға болады.

«Электрондық үкімет» веб-порталында (АҮҚ) тіркелген абоненттік ұялы байланыс құрылғысының телефон нөміріне жіберілетін бір реттік пароль арқылы зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты сілтеме бойынша алуға болады.

ЭЦҚ КІЛТІ АРҚЫЛЫ АВТОРИЗАЦИЯЛАУ

Қызметке қосылу салымшының (алушының) міндетті түрде авторлануын көздейді.

ЭЦҚ пайдалануды көздейтін веб-сайт бөлімінде жұмыс істеу үшін Сіздің дербес компьютеріңізде орнатылған NCALayer бағдарламалық қамтылымының (бұдан әрі - БҚ) (іске қосылған) болуы міндетті.

Орнатылған бағдарламалық жасақтама болмаған жағдайда, орнату файлын NCALayer арқылы жүктеуге болады. NCALayer бойынша орнату жөніндегі Пайдаланушы нұсқаулығы ҚР Ұлттық куәландырушы орталығының сайтында мына сілтеме бойынша қолжетімді: https://pki.gov.kz/ncalayer/.

Егер ЭЦҚ кілті пайдаланушының компьютерінде файл түрінде (файлдық сертификат деп аталатын) болса, онда «Сіздің компьютеріңіз" тармағын таңдағаннан кейін файлды таңдау диалогтық терезесін шақыра отырып, осы файлға жолды көрсету қажет.

Веб-сайтта авторизациялау үшін аутентификациялауға арналған ЭЦҚ кілтін пайдалану қажет (файлдың атауы **AUTH_RSA**-дан басталады). Файлды таңдап, тілқатысу терезесін жапқаннан кейін "Кіру« батырмасын басу керек.

Файлға Java-апплетке кіру үшін пайда болған тілқатысу терезесінде кілт қоймасына құпия сөзді енгізіп, "Ашу" батырмасын басу керек, содан кейін «қол қою» тбатырмасын басу арқылы әрекеттеріңізді растаңыз.

Сертификатты таңдау





ЖСН ЖӘНЕ ПАРОЛЬ АРҚЫЛЫ АВТОРИЗАЦИЯЛАУ

Логин (ЖСН) мен парольді пайдалану үшін пайдаланушы алдын ала **"Интернет"** ақпараттандыру тәсілін таңдау туралы келісім (Бұдан әрі – келісім) жасасуы қажет.

Келісім жасаған пайдаланушылар сайтта өз бетінше тіркеле алады және сайтта одан әрі авторизациялау үшін өзіне пароль тағайындай алады. Тіркеу үшін тиісті кіші бөлім нысанында өз деректемелеріңізді көрсету қажет:

Сайтта тіркелу (1 қадам)

ЖСН және пароль



[1] Батырманы басу

[2] ЖСН енгізу және тексеруден өту

[3] Код жіберу үшін байланысты таңдау

[4] Алынған код пен парольді енгізу

Енгізілген мәліметтер тиісті келісім жасалған кезде көрсетілгендермен толық сәйкес келуі керек екенін есте ұстаған жөн. Бұл жағдайда енгізілген таңбалардың регистрі (кіші немесе үлкен) рөл атқармайды.

* Қазақстандық провайдердің ұялы телефон нөмірі көрсетілуі қажет

ӨТІНІШТІҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ НЫСАНЫН ТОЛТЫРУ

БЖЗК ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ ПЕНСИОННЫЙ ФОНД

БЖЗҚ сайтындағы жеке кабинеттің "қызметтер" бөлімінде авторизациядан өткеннен кейін "зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру« қосымша бетіне өтіңіз



Өтініштің электронды нысанын толтырар алдында хабарлама шығады:

«Құрметті салымшы (алушы)!

«Зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру» қызметін Сіз:

✓ «БЖЗҚ» АҚ-да міндетті зейнетақы жарналары (МЖЗ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен құралған зейнетақы жинақтарыңыз болған жағдайда немесе «ҚР зейнетақымен қамсыздандыру туралы» ҚР Заңының 31 және 32-баптарының 1) тармағы 3) тармақшасына сәйкес мерзімсіз белгіленген I, II топтағы мүгедектік болған;

✓ Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңының 33-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларына сәйкес «БЖЗҚ» АҚ-да ерікті зейнетақы жарналары есебінен құрылған зейнетақы жинақтары болған жағдайда және 50 жасқа толғанда немесе белгіленген мүгедектігі болғанда;

✓ электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) болған;

✓ МЗЖ/МКЗЖ/ЕЗЖ есебінен шот (-тар) бұғатталмаған;

✓ зейнетақы төленіне алғаш өтініш білдіру;

✓ теңгемен ашылған банк шоты болған;

Сіздің деректеріңіз жоғарыда көрсетілген талаптармен сәйкес келген жағдайда, Интернет арқылы төлемге өтініш беру үшін Сізге Қазақстан Республикасының 2-ші деңгейдегі банкінде/ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда ашылған банк шотының деректемелері қажет болады. Сіздің жеке басыңызды куәландыратын құжат туралы, сондай-ақ оның шынайылығын, мүгедектігі бар болса, оның белгіленуі туралы растау мәліметтері мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен алынатын болады.

Онлайн қызметтерін қалай алуға болады

1. Сайтта **«Зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру»** қызметін таңдап, ЭЦҚ арқылы авторлану керек;

2. Өтінішті толтырып, оған ЭЦҚ арқылы қол қою керек;

3. Табысты түзету немесе салықтық шегерімді қолдану өтінішіне ЭЦҚ қою;

Қызмет көрсету нәтижесі

БЖЗҚ-ның жауапты қызметкерінің ЭЦҚ-мен куәландырылған құжаттарды қабылдау туралы не себептерін көрсете отырып қабылдаудан бас тарту туралы қолхат алу

Қызметтің орындалуын қалай бақылауға болады

БЖЗҚ-да тіркелген төлемге өтініштің орындалу мәртебесін «Электрондық қызметтер» бөлімінде **«**Менің төлемдер / аударымдар туралы өтініштерім**»** қызметі арқылы қадағалауға болады.

ОК

«ЖЕКЕ БАСТЫ КУӘЛАНДЫРАТЫН ҚҰЖАТ БЛОГЫ

Төмендегі жолдар түзету мүмкіндігінсіз ЖТ МДҚ ақпараттық жүйелерінен автоматты түрде толтырылады:

- *Құжат түрі (жеке басты куәландыратын қолданыстағы бірнеше құжат болған жағдайда, қажетті құжатты таңдау мүмкіндігі бар)*
- *Сериясы (бар болса)*
- *Нөмірі*
- *Берілген күні*
- *Қолданылу мерзімі*
- *Кім берген*



ЖТ МДҚ-да қолданыстағы бірнеше құжаттар туралы мәліметтер болған жағдайда қажетті құжат түрін таңдау мүмкіндігі беріледі. Егер құжаттың таңдалған түрі бойынша мәліметтер БЖЗҚ автоматтандырылған ақпараттық жүйесіндегі (бұдан әрі – ААЖ) мәліметтерден өзгеше болса, өтінішке қол қою кезінде БЖЗҚ ААЖ-ға тиісті өзгерістер енгізілетін болады.

«ЖЕКЕ ЗЕЙНЕТАҚЫ ШОТЫ БЛОГЫ *(Жарналардың түрі: МЗЖ/МКЗЖ/ЕЗЖ есепке алу үшін)*»

- Жеке зейнетақы шотының нөмірі (ЖЗШ) *(қажетті ЖЗШ таңдау)*

«ТӨЛЕМДЕР» БЛОГЫ

- Зейнетақы төлем түрі *(жасқа толуына байланысты, мүгедектігі бар адамдарға, ЕЗЖ есебінен (5 жылдам астам))*;
- Төлем түрі *(ішінара/толық)*;
- Нақты сома түрінде *(қанат белгісін қою)*;
- Қызмет көрсету өңірі *(өңірді таңдау)*;
- Кезеңділік *(ай сайын/бір жолғы)*;
- Сома *(соманы санмен енгізу)*.



*Ескерту: 01.01.2018 ж.бастап кесте бойынша (мүгедектігі бар адамдарға/жасқа толғанда) зейнетақы төлемдері тек **ай сайынғы** кезеңділікпен белгіленеді.*

«БАНКТІК ДЕРЕКТЕМЕЛЕР» БЛОГЫ

- Бенефициардың ТАӘ *(алушының деректемелерінен автоматты түрде толтырылады);*
- Бенефициардың ЖСН *(алушының деректемелерінен автоматты түрде толтырылады);*
- «Сіздің банктік шотыңыздың деректемелерінде әкеңіздің аты көрсетілген бе?» *(иә немесе жоқ);*
- Шотты таңдау *(карталық немесе ағымдағы шот);*
- Алушының ЖСК/IBAN *(20 таңбалы банк шотын көрсету);*
- Төлем валютасы *(автоматты түрде Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы автоматты түрде көрсетіледі, KZT);*
- Банк атауы *(анықтамадан таңдау);*
- БСК *(таңдалған филиал/бөлімше атауы негізінде автоматты түрде толтырылады);*
- БСН *(таңдалған филиал/бөлімше атауы негізінде автоматты түрде толтырылады);*
- Банк ЖСК/IBAN *(таңдалған филиал/бөлімше атауы негізінде автоматты түрде толтырылады).*



! *«Шотты таңдау», «Банк атауы» өрістерін толтыру ретін сақтау қажет. Банк шотының деректемелерінде әкесінің атының бар/жоқтығын көрсетіңіз*

«БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ» БЛОГЫ

- Мекенжайда тұрамын *(облыс, қала, аудан, көше, үдің нөмірі, бөлшек);*
- Пәтер *(пәтер нөмірі);*
- Ұялы телефон;
- Байланыс телефоны;
- Индекс (ескі) *(индексті жазу);*
- E-mail *(электрондық мекенжай латын әріпімен).*
- Индекс (жаңа) *("Қазпошта" АҚ web-сервисінің қолжетімділігі және "Қазпошта"АҚ пошта мекенжайларының анықтамалығынан тұратын мекенжайды таңдау кезінде автоматты түрде толтырылады*



! *Байланыс деректерінде салымшының (алушының) өзіне тиесілі ұялы телефон нөмірін және/немесе электрондық мекенжайды көрсету қажет, өйткені БЖЗҚ-дан ақпараттық таратуларды жүзеге асыру үшін, оның ішінде БЖЗҚ зейнетақы төлемін алушының банк шотына аударған кезде, сондай-ақ зейнетақы төлемін ЕДБ/"Қазпошта" АҚ БЖЗҚ-ға қайтарған жағдайда пайдаланады*

ӨТІНІШКЕ ҚОЛ ҚОЮ

Өтінішті толтырғаннан кейін **міндетті түрде** толтырылуы тиіс барлық өрістерді толтыру кезінде, белсенді болатын **ЭЦҚ-мен қол қою** батырмасын таңдау қажет

Келіскен жағдайда Өтінішке қол қоюға арналған ЭЦҚ таңдау терезесі пайда болады (файлдың атауы RSA деп басталады)

Сертификатты таңдау







Қызметті алу сәтінде техникалық ақаулар туындаған жағдайда экран бетіне тиісті хабарлама шығады

Біздің қызметті пайдаланғаныңыз үшін рақмет!

www.enpf.kz

enpf@enpf.kz

1418